

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің

Қамқоршылық кеңес отырысының

Хаттамасы №3

13.01.2021 ж

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. 2020-2021 оқу жылының тәрбие жұмысының I жарты жылдық есебі;
2. Пандемия кезіндегі қашықтықтан оқыту нәтижелерін қорытындылау.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Жәутіков сөз сөйледі.

2020-2021 оқу жылында 45 класс комплект және 2 МАД топтары бар.

Тәрбие саласы бойынша жылдық жоспар құрылып, қыркүйек айынан бастап бағыттар бойынша іс-шаралар уақытында өткізілді:

1-қыркүйек білім күніне орай «Білімді ұрпақ- жарқын болашақ» атты алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді.

Қыркүйек айында «Шынықсаң – шымыр боларсың» ұранымен денсаулық фестивалі өткізілді.

Оқушылардың жолда жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс-жүзінде пайдалана білуін жетілдіру мақсатында мектеп инспекторымен бірлесе отырып түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қазан айында мұғалімдер күні қарсаңында тәрбие бөлімі және мектептің жас мамандарының ұйымдастыруымен «Ұстаз – ұлы есім» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізді. Мектеп ұжымы ардагер ұстаздарды мерекесімен құттықтады.

«Отбасы күні» аясында 5-сынып оқушылары арасында «Менің отбасым» тақырыбында сурет байқауы және «Бақытты отбасы, бақытты ел» тақырыбында 1 –сынып оқушылары арасында мектеп психологтары арт терапия өткізді.

«Арын» еріктілер клубы көп балалы отбасылардың мектеп жасындағы балаларына көмек ретінде 5 балаға оқу құралдарын алып берді. Ата –аналар мен ұстаздар демеушілік көрсетті.

«Сырғалым» қыздар клубының жетекшісі Гаухар Есенғосқызы қыркүйек айында «Сырғалым» қыздар клубының төрайымын сайлау мақсатында онлайн байқау өткізіп, нәтижесінде 9 а сынып оқушысы Қабдығали Әсем қыздар клубының төрайымы болып сайланды. «Ана тілі – жүректің үні» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 8-10 сынып оқушылары қатысты, 9 а сынып оқушысы Өтегенова Әнелдің жұмысы ең үздік эссе деп таңылып, «Сырғалым» қыздар клубының инстаграм парақшасына жарияланды. Құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты 8-10 сынып арасында жиналыс өткізілді. Қыз балалардың мінез-құлқын, темпераментін анықтау мақсатында психологтармен бірлесе отырып сауалнамалар алынды. Мектептегі қыз балалардың қызығушылығын, бос уақытын қалай өткізіп жатқандығын анықтау мақсатында онлайн сауалнама алынды.

Педагог ұйымдастырушы Ақмарал Есенгелдіқызы мен Мөлдір Қуанышқызы ұйымдастыруымен «Жүректің көзі ашылса» айдарымен «Абай қара сөздерін бірге оқиық» науқанын бастады. Мектеп оқушылары Абайдың бірінші және екінші қара сөздерін жатқа оқып, мектептің инста парақшасына бейнежазба ретінде салынды.

«Жас Ұлан» ұйымының мүшелері қарттар күніне орай оқушылар ата-әжелеріне жылы лебіздерін арнап, қарттардың үйіне қонаққа барды.

«Жас Қыран» балалар ұйымы мүшелерінің арасында қашықтықтан «Арайлы алтын күз» атты көрме өткізілді. Көрмеге 24 оқушы өз жұмыстарын ұсынды. Мектебіміздің «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының оқушылары қалалық сайыстарға қатысып, қалалық оқушылар сарайының ұйымдастыруымен өткен «Біздің тату отбасы» сурет байқауында және «Таланттар жәрмеңкесі» байқауында I, II, III орындарды иеленді.

Мектепте «Волейбол», «Футбол», «Қол күрес», «Дойбы», «Тоғыз құмалақ», «Таекван-до» спорттық секциялары жұмыс істеуде.

Күзгі каникул кезінде мектептің инста парақшасында Абдуллин Тайбек Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Гүлжайнар Қалдинамен тікелей эфирде сұхбат өткізді. Тындарман ақын өмірбаянымен танысып, кітап әлеміне саяхат жасады.

Мұғалімдер арасында мектепішілік волейбол ойындары өтті.

11- сынып оқушыларының қай мамандыққа бейінділігін анықтау мақсатында онлайн сауалнама алынды.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі Есенжолов Бекнұр «Қазақстан-менің Отаным» тақырыбында балалар сурет көрмесін өткізді. Іс-шараға 3-4 сынып оқушылары арасынан 15 оқушы қатысты. Сонымен қатар болып жатқан төтенше жағдайға байланысты тегін маска тарату акциясын өткізу жоспарлануда.

Күзгі каникул кезінде «Жас Ұлан», «Сырғалым» қыздар клубының мүшелері Анаға тағзым рухани-адамгершілік кешенінде «Ұлтынды тәрбиелеймін десен, қызынды тәрбиеле» тақырында білім саласының ардагері, рухани кешеннің әлеуметтік менеджері Марта Есіркепқызымен сұрақ-жауап, пікірлесу негізінде дөңгелек үстел отырысына қатысты. Қыздар клубының мүшелері арасында «Күз аруы-2020» байқауы ұйымдастырылуда. Шараға 9 үміткер қатысуда. Байқау нәтижесі 14.11 күні қорытындыланады. Сонымен қатар «Жас Ұлан» балалар ұйымының мүшелері арасында

5-7 сынып оқушыларына «Күз аруы-2020» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға қатысқан оқушылар алғыс хат, дипломдармен марапатталды.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша пандемияға байланысты жылдың басында барлық мектептер қашықтықтан оқыту форматына ауысты. Бастауыш кластарда ата-ананың өтінішімен кезекші топтар ашылды.


Биылғы оқу жылында мектебімізде 110-компьютер, 169-планшет, 270- HP ноутбук, 69-ноутбук, 170-роутер билайн, 153- роутер алтел, 160-роуте кселл таратылып, барлық оқушыларға пайдалануға берілді.

Қаулы:

1. 2020-2021 оқу жылының тәрбие жұмысының I жарты жылдық есебі жақсы деп бағалансын;
2. Қашықтықтан сапалы білім беру үшін класс жетекшілер мен ата-аналар тығыз байланыста жұмыс жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары




А.Баймағанбетова

Н.Шәмішова

Кеңес мүшесі
Кеңес мүшесі
Кеңес мүшесі
Кеңес мүшесі
Кеңес мүшесі
Кеңес мүшесі

Хатшы



Н.Махамбетов
Г.Утегенова
А.Жармаханова
А.Ажигалиева
А.Сапарғалиева
С.Орын
Қ.Балмуханова

А.Шамова